

А.М. Нурелова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: nurelova_assiya1@live.kaznu.kz

ЖАПОНИЯДАҒЫ НЕКЕ МИГРАЦИЯСЫ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ

Зерттеу жұмысында осы уақытқа дейін Жапониядағы халықаралық неке миграциясы тақырыбында жазылған жапон, ағылшын тілдеріндегі еңбектерге шолу жасалып, талданды.

Зерттеу тақырыбы – Жапониядағы неке миграциясының зерттелу деңгейі.

Жұмыстың мақсаты – Жапониядағы неке миграциясына тарихнамалық шолу жасау.

Жұмыстың міндеттері – осы салада жазылған еңбектерді жинау, жүйелеу, осы салада қарастырылып жатқан зерттеу тақырыптарының негізгі бағыттарын, трендтерін анықтау, қай жылдан бастап зерттеу жұмыстары жүргізілген, қай елдер қамтылған, әрбір зерттеушінің жұмысына тоқталып, талдап, сонымен қатар қай бағыттарға зерттеу жұмыстары аз жүргізілгенін қарастыру.

Жұмыстың өзектілігі – жапон қоғамында орын алған демографиялық мәселелерге байланысты мигранттар санының өсуі, соның салдары неке мигранттарының өсуіне жапон қоғамының қарым-қатынасын ашып көрсету.

Бұл тақырыптың қандай контексте зерттеліп жатқаны, хронологиялық шеңбері, қандай аймақтар ең көп қамтылғаны, жапон, ағылшын тілдеріндегі зерттелген жұмыстардың хронологиялық, географиялық ерекшеліктерге жеке-жеке тоқталып, сараланды. Нәтижесінде жапон еліндегі әлеуметтік, экономикалық жағдайға байланысты неке мигранттарының мақсаты, мүдделері, оларды қоғамның қабылдауы, ғалымдармен жүргізілген зерттеу аясы да, зерттеу жұмыстары да, тақырыптары да, трендтері де әртүрлі болғанын, соған байланысты зерттеу жұмыстары елге, аймаққа, әр елдің мәдени, ұлттық ерекшеліктеріне, елдің экономикалық, әлеуметтік дамуына, жылдарға бөліп қарау, зерттеу жұмысының құндылығын арттырып, практикалық өзектілігі мол болады деген тұжырым жасалды.

Түйін сөздер: халықаралық неке, неке миграциясы, миграция, демография.

A.M. Nurelova

Al Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: nurelova_assiya1@live.kaznu.kz

Marriage migration in Japan: a historiographical review

The research paper reviewed and analyzed research in Japanese and English on the topic of cross-border marriage migration. The subject of the study is the research materials on marriage migration in Japan. The purpose of the research work is to determine the level of study of marriage migration. The objectives of the work are to collect, systematize works written in this field, consider trends in research topics considered in this field, identify development trends, identify scientists contributing to this field, review their work, and analyze the specifics of each researcher's work.

The relevance of the research is that the works in Japanese and English, which studied the issue of international marriage from established history, differ from each other and separately dwell on chronological and geographical features. As a result, it was concluded that depending on the countries of arrival of marriage migrants, the reasons, the social and economic situation in the Japanese country, the goals, interests of marriage migrants, their perception by society, the scope of research conducted by scientists, research work, topics, and trends were different, in connection with which the research work was classified by country, region, cultural, national characteristics of each country, and economic and social development of the country by years, increasing the value of this research work and becoming more practical relevance.

Key words: Cross-border marriage, marriage migration, migration, demography.

А.М. Нурелова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
e-mail: nurelova_assiya1@live.kaznu.kz

Брачная миграция в Японии: историографический обзор

Международная брачная миграция занимает ключевое место в процессах глобализации и затрагивает актуальные аспекты принимающих стран и стран из которых выезжают эти мигранты. Мотивы и цели брачных мигрантов зависит от многих внешних и внутренних факторов. В статье рассматриваются исследовательские работы, которые изучали и изучают брачную миграцию в Японии, из каких они стран, какие аспекты затрагиваются в этих работах, какие направления были изучены и какие направления требует более детального анализа.

Цель работы- сделать историографический обзор материалам по брачной миграции в Японии и выявить основные направления в изучении этой темы.

Основные направления работы собрать материалы по теме, изучить историю брачных мигрантов, хронологию, какие страны были охвачены, какие проблемы поднимаются в работах, чтобы увидеть общую картину по исследовании этой области учеными. особенность этих мигрантов, какие темы поднимались, какие аспекты брачной миграции были изучены авторами, какие проблемы и основные тенденции и тренды исследованы по теме брачной миграции. С какого периода исследуется эта тема в Японии, какие страны больше всего рассмотрены. Особенности и различия этих работ.

Изучив материалы по теме были сделаны следующие выводы- тенденция брачной миграция в Японии в зависимости от внутренних и внешних факторов стран разная, а так же можно наблюдать что экономические, социальные изменения в обществе дает толчок росту мигрантов, что в свою очередь приводит к росту брачной миграции, и по хронологии можно увидеть различия, так же особенность роста или же уменьшение зависит от экономического развития страны мигрантов и политические и социальные изменения в обществе этих стран.

Ключевые слова: международный брак, брачная миграция, миграция, демография.

Кіріспе

Қазіргі кезде халықаралық неке мәселесі, неке мигранттары сирек кездесетін жағдай емес, қазіргі жаһанды, мобильді заманда барлық дерлік елдерді қамтыған әлеуметтік процеске айналды. Қазақстан да егеменді ел ретінде бұл үрдістен шет қалып жатқан жоқ. Әсіресе, көп ұлтты мемлекет ретінде ұлтаралық неке үрдісінің бейнесінің біраз өзгеріске ұшырағанын байқауға болады.

Бұл тақырып әртүрлі елдерде зерттеліп, қарастырылып жатқан мәселе. Тақырыптың маңыздылығы күн өткен сайын артпаса кеміген емес. Неке мигранттары өздері шыққан қоғамға әсер етумен бірге, келуші елдің қоғамына ықпалы зор. Неке мигранттарының жаңа елге, жаңа қоғамға келгенде, өздері ғана өзгеру процесінен өтіп қоймай, келген елдің қоғамына әлеуметтік, экономикалық, мәдени аспектіде өзгерістер алып келеді. Олар сол қоғамға келгенде қандай жағдайды бағынан кешіреді, қандай қиындықтарға тап болады, неке мигранттары жалпы кімдер, олардың бейнесі қандай, кеше қандай болды, бүгін қандай, ертең қандай жағдайда болады деген мәселелер олардың қоғамға үйренуіне де көп ықпал етеді.

Неке мигранттарын, олардың қоғамға үйренуі, қабылдаушы қоғамның оларды қабылдауы, қандай жағдай жасалған, әлеуметтік, экономикалық, саяси аспектілерін зерттеп, қарастырып жатқан ғалымдар аз емес, мақаланың мақсаты осы зерттеу жұмыстарын жинау, талдау.

Камото И., Накамацу, Такешита, Сузуки сияқты зерттеушілер Мэйдзи кезеңінен бастап, халықаралық неке мәселесін қарастырған. Бұл зерттеушілер халықаралық неке терминіне анықтама беріп, жалпы бұл неке түрінің қай кезеңнен бастау алып, дамығанын, ең көп тараған жылдарын да ашып көрсеткен. Бастапқы кезеңде халықаралық неке сирек құбылыс болғанымен, жапон қоғамында орын алған әлеуметтік мәселелерге, мигранттардың санының өсуіне байланысты халықаралық некенің саны да артты, соған байланысты әртүрлі қиыншылықтар туындап, әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени өзгерістерге алып келді. Бұл сала тек халықтың көші-қонымен ғана емес, жаһандану процесімен, елдегі демографиялық, әлеуметтік мәселемен тікелей байланысты болғандықтан, қоғамда ерекше көңіл бөлініп, зерттелгенін байқауға болады.

Материалдар мен әдістер

Жапониядағы неке миграциясы тақырыбы бойынша жасалынған зерттеу жұмыстарын қарастыру үшін келесі толық мәтінді мәліметтер базасымен жұмыс жүргізілді: Academia.edu, Google scholar, Scopus. Кілт сөздерімен іздегенде Жапониядағы неке мигранттары, халықаралық неке туралы мақалалар саны әр базадан шамамен елуден астам шықты, әр мақаланың аннотациясы қарастырылып, нақты Жапониядағы неке миграциясын әр тараптан қарастырылған, жан-жақсы мәселені қамтыған, Жапониядағы саны бойынша ең көп мигранттар туралы жазылған 15 мақала таңдап алынып, қарастырылды. Жұмыстың мақсаты еңбектерге баға беру емес, осы салада қандай зерттеу жұмыстары бар екенін, қай бағытта ең көп жұмыстар жазылғанын қарастыру.

Нәтижелер мен талқылаулар

Жапонияда саны бойынша ең көп неке мигранттары Шығыс Азия мен Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен келген мигранттар. Ең көп қарастырылған осы аймақ болғандықтан, осы елдерге қатысты жүргізілген зерттеу жұмыстары алынды, сонымен қатар 2000 ж. бері қарай зерттелген еңбектер арасында бұрынғы кеңес одағының құрамына кірген мемлекеттерден келген неке мигранттары да зерттеле бастаған екен. Яғни, бұл аймақтан осы уақыт аралығында келушілер көбейді немесе осы аймаққа қызығушылық артты деген сөз.

Хронология бойынша, халықаралық некеге қатысты мақалалар Мэйдзи дәуіріндегі, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі, АҚШ оккупация кезіндегі шетелдіктермен қиылған неке, содан кейінгі 80 ж. бергі халықаралық некеге қатысты еңбектер.

Халықаралық неке тақырыбының тарихын қарастырып, халықаралық неке терминіне анықтама берген ғалымдардың бірі- Камото Ицуко. (I. Kamoto, 1997). Ол өз еңбектерінде ең алғаш рет Жапонияда шетелдіктер мен жапондықтар арасындағы неке қашан қиылған, оны қалай атаған, ол қалай жүзеге асқан деген мәселелерді қарастырып, жапон еліндегі халықаралық некені Америка, Еуропа елдеріндегі некемен салыстырған. Бұл ұғым бастапқы кезде аралас неке деп аталғанын, содан кейін еуропалықтар ұғымындағы аралас неке қара нәсілділер мен ақ нәсілділер арасындағы некеге қатысты айтылғанын, ал Жапонияда кездесетін некелер бұл

ұғымға сай келмейтінін, азиялықтар арасындағы некеге халықаралық неке ұғымына сай келетінін тұжырымдаған.

Сонымен қатар аралас некенің тарихына қатысты деректерді, соның ішінде аралас нәсілділердің пайда болуының себептерінің бірі деп неке миграциясын көрсеткен Ясуко, Стефэн зерттеу жұмыстары да бар. (T. Yasuko, S. Stephen, 2022). Бұл еңбекте жалпы Тынық мұхит, Атлант мұхиты жағалауында орналасқан елдерге талдау жасалынған, сондай-ақ ішінде Жапонияға қатысты деректер де кездеседі. Бұл еңбек неке миграциясын тарих тұрғысынан талдау жасауда, пайда болу себептерін анықтау барысында қолдануға құнды еңбек болып табылады.

Келесі кезең – екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі, америкалық оккупация кезіне сәйкес келеді. Бұл жапон жеріне американдықтардың базасы салынып, американдық әскерилер мен жапон әйелдерінің некелесіп, «оккупанттық сәбилердің» дүниеге келуі туралы жазылған зерттеу жұмыстары. (O. Johanna, 2019).

Келесі тарихи кезең – «бабл кейзай» дәуіріндегі экономикалық өсу, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, дамушы елдердің қызығушылығын тудырып, 1980-1990 жж жапон еліне мигранттардың келе бастауы Накамацу, Сузуки еңбектерінде талданған. 1980-1990 жж. неке миграциясын зерттеп, осы кездегі жоғары сұранысты пайдаланып, мұны бизнеске айналдырған адамдар да болғанын, қалыңдықтар көбінесе Қытай, Оңтүстік Корея, Филлипин елдерінен келіп, хат арқылы некеге отырған жағдайларды сипаттаған. Бұл сол жылдарға тән құбылыс, өйткені ол кездері халықаралық неке кең таралмағандықтан, нақты заң қабылданбағанын, өкімет деңгейінде бақыланбағанын кезең еді. Жаһандану саясатының нәтижесінде бұл жағдай қазіргі кезде түбегейлі өзгеріске ұшырады, мүмкін, әлеуметтік желілерінің дамуы, адамдардың байланысқа емін-еркін шыға алуы, әйелдер құқығын қорғайтын ұйымдардың артуы да, бұл тенденцияға қарым-қатынасты өзгертті. Миграция туралы заңның өзгеруі де өкімет деңгейінде мәселеге қатысты қатынастың өзгергенін көрсетеді.

Осы жылдары зерттелген мәселелердің бірі – Пәкістан елінен келген мигранттар, көбінесе ер адамдар болған, олар өз бизнестерін жасап, жапон әйелдерімен некеге тұрған. (Ch. Morgan, 2016). Жапонияға келіп, жапондықпен некелесіп, неке визасын алып, кейіннен ол тұрғылықты тұрғын визасына ауысып, жай жұмысшыдан жеке кәсіпкерге айналған пәкістандық мигранттар зерттеу объектісі болған. Өздері Жапонияда

бизнес жасап, ал отбасылары Пәкістанға немесе үшінші бір жерге көшіп, жапон әйелдері өздері мигранттарға айналған жағдайлар зерттелген. Сондай-ақ діни, мәдени өзгешеліктерге байланысты некедегі мәдени, бірегейлік аспектілердің өзгеруі де талданған. Өздерінің экономикалық жағдайларына байланысты, пәкістандықтар ұйымын құрып, сол жылдары жапон елінде мешіттердің көп пайда болуына әсер еткен осы пәкістандықтар деп көрсеткен. Яғни қоғамға интеграциялануы, трансмәдени орта құру, сол мигранттардың қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік жағдайына тікелей байланысты деп тұжырым жасауға болады. Яғни өздерінің әлеуметтік жағдайларын жақсартып, қоғамдағы таптық жағдайын да жақсартып, қоғамға мүше болып қана қоймай өздерінің дінін, мәдениетін сол қоғамға алып келіп, трансұлттық қоғамының құрылуына үлесі деп қарастырса болады. Сонымен қатар Оңтүстік Азия, Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен көбінесе әйел адамдар көп кездесе, Пәкістан мемлекетінен көп жағдайда ер адамдар көп болғанын байқауға болады.

Жапониядағы мигранттардың түрін, олардың ел үшін маңыздылығын қарастырған зерттеу жұмыстары да бар. Некені аралас неке және халықаралық неке деп талдаған, Жапония азаматы мен ұлттары әртүрлі адамдар арасындағы неке, ерлі-зайыптылардың бірі шетел азаматы болған жағдайда халықаралық неке деген ұғымды ашып көрсеткен. Халықаралық неке санының өсуіне қарамастан жапон қоғамында әлі де оларға қатысты стереотиптер қалған. Яғни, жапон қыздарының экзотикалық сұлулығына ғашық болған «еуропалық күйеу жігіттер» мен жапон ер азаматтары хат арқылы Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен таңдаған «азиялық қалыңдықтар». Иммиграция тақырыбы аясында бұл мақалада үш бағыт біріктірілген-неке мигранттары, аралас неке, көпұлтты халық. Осы үш бағыттың жапон қоғамындағы қиылысуын келесі сұрақтарды қоя отырып, талдаған: кім бұл ерлі-зайыптылар? Олардың көшіп-келулерінің негізгі себебі неде? Осы көшудегі аралас некенің ролі қандай? 18 ерлі-зайыптыдан интервью алып, соның нәтижесінде иммигранттардың тәжірибесінің әртүрлілігі, аралас некенің ролінің айырмашылығы, сонымен қатар Жапонияға миграциясының негізгі екі себебі: әлеуметтік және экономикалық қажеттілік, әлеуметтік-экономикалық мүмкіндік екені анықталды. Осы мәселелерді түсіну Жапониядағы басқа мигранттардың тап болып жатқан қиыншылықтарын анықтауға, сондай-ақ жапон қоғамының көпұлтты қоғамға айналып бара

жатқан бейнесін түсінуге көмектеседі. Болашақта жапон ұлтының бейнесінің өзгеруі жапон халқының таза ұлт ұғымының өзгеріске ұшырауына алып келуі ықтимал. Еуропалық ер адамдар ерекше жапон қыздарын таңдап, үйленсе, жапон ер адамдары керісінше Оңтүстік Шығыс Азиядан мэйл арқылы қалыңдықтар таңдаған деп көрсеткен. 1980 ж. жапон өкіметі елдегі жұмыс күшінің тапшылығын шешу үшін миграциялық заңға өзгеріс енгізіп, соның ішінде Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен мигранттардың келуіне жағдай жасады. Осы кезде өкімет мэйл арқылы танысып, ауылдық жерлерде тұратын ер адамдарға тұрмысқа шығуға келген Филлипин, Тайван қалыңдықтарына тосқауыл жасамай, керісінше қолдау көрсеткен. Бұл сол ауылдағы әйел санының жетіспеушілігін шешу жолы ретінде қарастырған. Осы кезде неке агенттіктері көбейіп, бұл бизнеске айналады. Бұл әйелдерді де екі категорияға бөлуге болады: әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен аудандардан келіп, жапон қоғамына сіңіп кеткен немесе өздері күткен өмір болмай, бақытсыздыққа ұшырап, оларға жары ретінде емес, жұмыс күші ретінде қарап, ауылшаруашылық жұмыстарға салып қойған отбасылар да болған. Кейіннен бұл мәселе қоғамда сынға ұшырап, жергілікті басқару орындары өз бақылауына алып, феминистік қоғамдар осындай әйелдердің мәселелерін қарастырып, құқықтарын қорғай бастады. (Ch.Morgan, 2016). Гендерлік мәселе өзекті болып тұрған заманда, отбасындағы гендерлік мәселе мүлдем басқа жақтан қарастырылып, басқа фокус жасалында. Осы тұста посткеңестік елдерден келген әйелдердің кейсін қарастыру аса маңызды, осындай жағдайды басынан кешірген әйел адамдардың қазіргі жағдайы, осы уақытқа дейін отбасы болып табылады ма деген мәселелер.

2000 жылдары жазылған еңбектер өте көп, бұл сол жылдары халықаралық неке мигранттарының санының артуымен түсіндіруге болады.

Сайханжуна өзінің еңбегінде азиялық қалыңдықтар мен еуропалық күйеу жігіт деп топтастырып қарастырған. Мысалы, азиялық елден келген қалыңдық күйеу жігітке үйрену, адаптациядан өту кезеңдерінен өту керек болса, еуропалық адамдарға аккультурация қажет еді деп атап өткен.

Сайханжуна зерттеулерінде еуропалық әйелдермен некені әлеуметтану, әлеуметтік психология, мәдени антропология ғылымдарының тәсілдерін қолданып қарастырса, еуропалық ер адамдарға шыққан жапон әйелдерінің отбасын психологиялық, антропологиялық, мәдениета-

ралық қарым-қатынас негізінде зерттеулер жүргізген. Ал жапондықтарға тұрмысқа шыққан азиялық әйелдердің ауылдық жердегі тұрмысы, жергілікті қоғамның қарым-қатынасын, отбасылық психология, тарихи әлеуметтану негізінде зерттеген.

Пайпер ең алғаш рет халықаралық некені миграция контекстіне салып, миграция мен халықаралық неке арасындағы байланысты зерттеу маңызды екенін атап өткен.

Трансұлттық неке тақырыбында Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен келген кәсіби біліктілігі төмен әйелдер мен жапон ауылдарында тұратын ерлер арасындағы неке мәселесі жан-жақты қарастырылып, ал орта тап өкілдері арасындағы аралас неке тақырыбы назардан тыс қалған. Ал, трансұлттық некеде қай ортаға, тапқа жататыны маңызды, бұл жерде виза алу, тұрғылықты жері мәселесі маңызды емес, бұл жерде неке тек миграцияның салдары, бастапқыда Жапонияға келу себебі басқа болғандықтан некеге түру себебі де мүлдем басқа болады екен. (Z.M. Igarashi, 2016)

Кикуко Н. бастаған бір топ зерттеушілердің жұмысында халықаралық некені интеграцияның бір тәсілі ретінде қарастырған. Миграция оңай процесс емес екенін, сол процесс барысында, қоғамда бар әлеуметтік-экономикалық, гендерлік иерархияға интеграция жасайтындығын атап өткен. Яғни, жаңа қоғам, жаңа тәртіп, жаңа заң деген сөз. Осы процесстерді жеңілдету мақсатында некені таңдайтындар да аз емес, бұл Жапониядағы миграциялық заңның шектеулігі, бірақ некеге отыруға тыйым салынбағандықтан, өмірді жеңілдетудің бір жолы да болуы ықтимал.

Жапония мен Оңтүстік Кореядағы неке миграциясының тенденцияларында ұқсастық бар екенін байқауға болады, Жапонияда 80 ж. белең алған халықаралық неке миграциясы Оңтүстік Кореяға кешірек келген, бірақ алғышарттары, себептері ұқсас екен. (Н. Kamiya, 2009).

Бұл ең біріншіден сол елдердегі экономикалық даму, халықтың әл-ауқатының жақсаруы, демографиялық кризистің басталуы, сонымен қатар экономикасы дамыған, алдыңғы қатарлы ел ретінде дамушы елдердің халқын жаңа мүмкіндіктер мекені ретінде өзіне тартатынын, сондай-ақ сол мигранттарға келген елдерінде демографиялық мәселені шешудің бір жолы ретінде қарауда ұқсастықтар бар.

Оңтүстік Шығыс Азия, Шығыс Азия елдеріндегі трансшекаралық некенің көбею себептерін қарастырып, некенің негізгі себептерін, салдарын талдаған. Зерттеу жұмысының әдіс-тә-

сілі ретінде 9 қытай азаматынан интервью алып, жауаптарына талдау жасап, нәтижелерін шығарған. (K. Shikita, 2014). Зерттеу жұмысының тұжырымы бойынша Жапонияда білім алған, жоғары білімді қытай әйелдерінің жапон ер адамдарына тұрмысқа шығып, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсы елде балаларын тәрбиелеу, балаларының екі мәдени, екі тілдік ортада өсіріп, болашақта Қытай мен Жапония арасында көпір болатындай жұмыс істейтіндей білім беру, балаларының мүмкіндік аясын кеңейту, яғни балаларына білім беру, тәрбие беру стратегиясы ретінде, жапондыққа тұрмысқа шығу мотивациясы. Бұл жерде әр адамның әлеуметтік, экономикалық жағдайына байланысты, шетелдікпен тұрмыс құру себебі, алғышарттары әртүрлі болатынын байқауға болады. Оның салдары да түрлі-түрлі болады. Мұндай отбасыларының да болашақта жапон халқының жаңа бейнесінің қалыптасуына тигізетін ықпалы болатының сөзсіз.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижесінде зерттеушілер аралас неке көші-қонның не қайта көші-қонның себебі болғандығын немесе оның салдары екенін анықтап, шетелдік жұбайының Жапонияға қалай келді, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы қандай деген сұраққа жауап беру үшін неке мигрантының типологиясын жасаған. Олардың жасаған сұраулықтарына сүйеніп, неке миграциясының негізгі факторы ретінде қажеттілік және мүмкіндік деп екіге бөлген. Яғни, экономикалық мұқтаждықтан, жақсы өмір іздеп келгендер мен Жапонияға келуге қажеттілік туындап, мысалы, мектепке ағылшын тілінің мұғалімі қажет болып, жұмысқа келу, Жапонияға оқуға келу, осындай себептермен келіп, қалып қою. Сондай-ақ ерлер мен әйелдердің мотивтары да бір-бірінен ерекшеленетінін ашып көрсеткен, ер адамдар көбінесе басқа елде жапон әйелдерімен отбасын құрып, кейіннен Жапонияға көшіп келгендер болса, әйел адамдардың арасында әлеуметтік жағдайы төмен болғандықтан, жағдайын түзетуге келгендер саны басымдырақ болған. Яғни, бұл жерде гендерлік мәселеде бар.

Жапон қоғамында стереотипке айналған дамушы, артта қалған елдерден жақсы өмірді іздеп келген қалыңдықтар мен жапон ер азаматтары туралы көзқарастан, зерттеу аясынан шығып, басқа да неке миграциясына себеп болған жағдайларды қарастырған, соның ішінде жапон еліне келген мигранттардың жасын зерттеп, олардың ішінде орта жастағы ажырасқан әйелдердің Жапонияға екінші отбасын құру үшін келген кейстері де бар. (K. Sari, 2022). Бұл жерде жа-

пондықтармен ең көп некелесетін Шығыс Азия елдері- Қытай, Корея көшбасшы болып тұрса, одан кейін Оңтүстік Азия мемлекеттері. Бұл елдерден келетін неке мигранттардың себептері мен салдары талданып, олардың әр жылдары келу мақсаттары әртүрлі болғанын, 90 ж. кейін өз елдері дамыған елдер қатарына қосылып, жұмысқа, мұқтаждықтан емес, мүлдем басқа факторлардың әсерінен келгенін жазады. Ажырасқан не жесір, орта жастағы әйелдер өз елдерінің қоғамында қалыптасқан әйел адам некеде болуы керек не білімді, мансапты болу керек деген көзқарастардан қашып, шетелде шетелдіктермен некеге отыруға тырысатын әйелдер мысалы зерттелген. 1992-2019 жж аралығындағы некеге отырған әйелдердің жағдайлары, оқиғалары қарастырылып, бұл хронологиялық шеңбер аралығында кеткен елде, келген елдерінде де біраз өзгерістер орын алғанын, әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістер болғанын, әйелдерді миграцияға кедейшілік емес, әлеуметтік теңсіздік итермелейтінін көрсеткен. Яғни, соңғы уақыттары гендерлік мәселе қай қоғамда болса да өзекті екенін байқауға болады. Қанша экономика дамып, адамның көзқарасы өзгерді деп айтсақ та, осы күнге дейін көп елдерде әйелдердің қоғамдағы орны, ролі көп сұрақтар туғызуда. Әлі күнге дейін теңдігі үшін күресіп жатқан, қоғамда, отбасында, ортасында түсініспеушілікке тап болып жатқан әйелдер аз емес. Осы зерттеу жұмысында осындай әйелдер бірінші некедегі балаларын, кәрі ата-аналарын бағып жүрген әйелдер. Бірақ өз қоғамдарында жалғыз өздеріне өмір сүру қиын болғандықтан, қоғамдағы оларға деген көзқарас екі жақты болып, сол себепті миграцияны сол қиыншылықтарды шешетін құрал ретінде пайдаланған.

Халықаралық некені миграцияның салдары ретінде, миграция контекстінде зерттеп, бұрынғы кеңестік мемлекеттерден, соның ішінде еуропа аймағынан келген орыс тілді әйелдер көп зерттеу жұмыстарында Еуропа елдеріне кіргізіп, қарастыру дұрыс еместігін көрсетіп, соның ішінде Ресейден келген әйелдердің мақсат-мүдделері Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінен келген әйелдерге ұқсас екенін ашып көрсеткен зерттеу жұмыстары да бар. (V. Mukhina, 2013).

Жалпы миграция аясында некені қарастырған зерттеулер де аз емес, бірақ В.Мухинаның пікірінше неке миграциясын жеке құбылыс ретінде, осы миграцияның салдары ретінде қарастырған зерттеулер аз екен. Бұл зерттеуші өз еңбегінде халықаралық некені жеке құбылыс ретінде қарап, миграциямен арасындағы байла-

нысты зерттеп, мемлекеттік құрылымдардың роліне баға берген. Некені миграция аясында, миграцияның салдары ретінде қарастыру осы күнге дейін өзекті екені сөзсіз, бірақ қазіргі кезде миграция түрі, миграцияға ықпал ететін үрдістер де әртүрлі. Жапонияға келетін мигранттардың да түрі де өзгерген, оқу үшін келген білімді адамдар, осында қалып отбасын құрады немесе кейін мигрант ретінде қайтып келгендер де бар.

Бұрынғы пост-кеңестік мемлекеттерден келген неке мигранттарын қарастырған зерттеушілердің пікірінше, олардың басты мотивтері экономикалық мүдде, яғни, дамуы жағынан Жапониядан артта қалған елден келетін азаматтардың басты мақсаты жағдайы жақсы ер азамат тауып, тұрмыс құру, Жапонияда қалу. (V. Kim, 2014).

В. Ким жұмыстарында халықаралық неке деген не, халықаралық некенің зерттелуі, өткені мен қазіргі кездегі жағдайы, жар таңдауы, отбасы, ажырасу мәселелеріне тоқталған. Зерттеу жұмысында 1965-2019 жж. аралығында жапондықтардың шетелдіктермен некелесуін қарастырып, жасалған зерттеу жұмысынан халықаралық неке 1990 жылдан бастап өсіп, шарықтау шегі 2005 жылға келетіндігін көреміз. 2005 жылдан бастап 2015 жылдар аралығынада күрт кеміп, 2020 жылға дейінгі көрсеткіш бір қалыпты динамиканы сақтап тұрғанын байқауға болады. Сонымен қатар гендерлік жағдай миграцияға себеп болған мәселені де жан-жақты қарастырған. Совет Одағы ыдырағаннан кейін қоғамдағы әйелдердің жағдайына қалай әсер еткенін, қалай өзгергенін, әйелдердің өз елдерін тастап, өз бақытын басқа елде іздеуіне не себеп болғанын зерттеп, бұрынғы Кеңес мемлекеттерінің әйелдерінің, соның ішінде Ресей әйелдерінің мақсаттары, себептері, оған жету жолдары, соған жету үшін жасаған іс-әрекеттері мүлдем басқа болғанын анықтаған. Бұл жерде әл халықтың, елдің тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайын, бірегейлігін, мәдениетін ескеру керек екенін көруге болады. Яғни, бұрынғы кеңес одағына кірген 15 мемлекеттің географиялық жағдайы, этникалық құрамы, мәдениеті, ұлттық бірегейлігі әртүрлі болған. Оның барлығы халықтың дүниетанымына, өмір-салтына, көзқарасына әсері бары сөзсіз. Сондықтан әр елді өз ерекшелігіне байланысты қарастыру маңызды екенін, әр елде миграция себепі, салдары әртүрлі болатынын көре аламыз.

Сондай-ақ бұл еңбектің құнды жері – Жапониядағы 2012 жылы Ресей, Украина, Беларусь, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген, жапондықтарға тұрмысқа шыққан әйелдер са-

нын көрсеткен. Әр елден қанша адам дәл сол уақытта Жапонияда тұрып жатқанын біле аламыз. Сонымен қатар осы елдерден келген 45 әйелден интервью алып, сол әйелдердің әңгімесінен үзінді келтірген. Әр әйелдің жасы, қандай себеппен Жапонияға келгені жайлы егжей-тегжейлі сұрап, интервью алған. Бұл ақпаратты болашақ зерттеу жұмыстарында дереккөз ретінде пайдалануға болады.

Бұрынғы кеңес одағына кірген елдерінен келген неке мигранттарын зерттеген ғалымдар В.Мухина, В.Ким өз зерттеу жұмыстарында көбінесе әйелдерді зерттеген, ал сол елдерден келген ер адамдар бар ма екен, олардың саны қанша т.с. мәселелер зерттеу жұмыстарынан тыс қалған.

Қорытынды

Зерттеу жұмыстарына талдау жасау барысында, халықаралық неке, неке миграциясының трендтері әр жылы әртүрлі болғанын байқауға болады.

90 жылдардағы халықаралық неке тақырыбы ерлі-зайыптылардың адаптациясы, азиялық, еуропалық деп бөліп қарастырып, оларға қоғамдағы қарым-қатынас, еуропалық күйеу балаға оң көзімен қараса, азиялық келіндерге көзқарас аса жақсы болмағанын байқаймыз.

Жасалған зерттеу жұмыстарына шолу жасау барысында келесі тұжырымдамалар жасалынды: Жапониядағы неке миграциясы, халықаралық неке тақырыбы Жапония мен Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің азаматтары арасындағы неке, Еуропа мемлекеттерінің азаматтары арасындағы аралас неке болып екіге бөлуге болады, сонымен қатар екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі, Окинава аралына американдық базасының салынуы, американдықтардың келуі кезіндегі халықаралық некенің өсуін- бірінші кезең деп қарастырсақ, екінші кезең- жапон экономикасының қарқынды дамып, «бәл кейзай» дәуіріндегі дамушы елде-

рінің азаматтарының жапон еліне жақсы өмір іздеп келуі, мигранттардың санының артуына алып келді, келесі кезең- жапон еліндегі демографиялық кризистің басталуы, жұмыс күшінің жетіспеушілігі миграция заңының өзгеруі, мигранттардың көптеп келуі, неке миграциясының санының артуына себепші болды. Сонымен қатар халықаралық неке қандай аспектілерде қаралды деген мәселеге келетін болсақ, дамушы елдерден келген, әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен, жапон ауылдарына қара жұмысқа келген кәсіби біліктілігі төмен әйелдер, экономикалық, әлеуметтік жағдайы жақсы, жапон ерлерімен терезелері тең оқыған, білімді әйелдер, ол жерде еуропа әйелдері басымдырақ, сонымен қатар білім, мансап қуған жапон әйелдерінің еуропалық ер адамдармен некесі. Зерттеу жұмыстарын қарастыру барысында, әр елден келген неке мигранттарының себеп-салдары да әртүрлі халықаралық некеге бір жақты қарауға болмайтынын, неке миграциясы- бір адамдарға мүмкіндік, ал басқаларына қажеттілік болғанын, сондай-ақ әлемдегі, қоғамдағы әртүрлі факторларға тікелей байланысты, әлеуметтік құбылыс ретінде өзгеріске ұшырайтыны анықталды.

Миграция, неке миграциясы әлеуметтік құбылыс, оны әртүрлі аспектілерден қарастыру маңызды. Сонымен қатар, уақыт өткен сайын мигранттардың да бейнесі өзгеріске ұшырайтынын көруге болады. Жаһандану процесінің салдары ретінде шекаралардың ашылып, кез-келген елдің жастары қалаған елге оқуға, жұмысқа бара алуы, дамыған Жапония сияқты елге жастардың оқуға ағылуы, жапон жастарының шетелге шығуының артуы сол жастардың арасында халықаралық некеге тұрғандардың бейнесі қандай, олар жапон қоғамына қандай өзгерістер алып келеді. Жапонияда емес, үшінші бір елде некеге тұрып, Жапонияға қоныс аударған отбасылар да бар. Яғни, техника, технология, интернет желісінің қарқынды дамуы, ақпараттың тез жетуі халықаралық неке сипатын өзгерткені, әлі де өзгертетіні сөзсіз.

Әдебиеттер

- Forgash, R. (2020). International marriage in Japan's periphery. In *Intimacy across the fencelines*. Cornell University Press.
- Igarashi, Z. M. (2014). *Intimacy crossroads: Turkish-Japanese transnational marriages through lenses of culture, religion and gender*. Waseda University, 44-48.
- Johanna, O. Z. (2019). The «other» mixed race: The Nisei in perspective. In *Transnational identities on Okinawa's military bases* (pp. 57-71). Palgrave Macmillan Singapore.
- Kamiya, H., & Lee, C. W. (2009). International marriage migrants to rural areas in South Korea and Japan: A comparative analysis. *Geographical Review of Japan Series*, 81(1), 60-67.
- Kamoto, I. (1997). Kokusai kekkon to rekishi shyakai gakuteki ruiki. *Japanese Sociological Review*, 48(1), 62-82.

Kim, V. (2014). Gender politics and its impact on female marriage migration: Women from former Soviet Union countries in Japan. *Japan Social Innovation Journal*, 4(1), 28.

Kim, V., Balgoa, N., & Yamamoto, B. (2022). International marriages, past and present. In *The politics of international marriage in Japan* (pp. 33-46). New Brunswick: Rutgers University Press.

Masako, K. (2015). Transnational families in a global circulation context: The case of cross-border marriages between Japanese women and Pakistani migrants. *Bulletin of the National Museum of Ethnology*, 40, 71-84.

Morgan, C., Trieu, M., & Nemoto, R. (2016). A grounded typology of foreign-born spouses in Japan: The motivations behind migration to Japan. *Ethnicities*, 16(4).

Mukhina, V. (2013). Migration policies and cross-national marriage in Japan: Routes to settlement. *International Journal of Social and Cultural Studies*, 6, 77-93.

Piper, N. (2003). Wife or worker? Worker or wife? Marriage and cross-border migration in contemporary Japan. *International Journal of Population Geography*, 9.

Sari, K. I. (2022). Remarriage migration of women in Asia: The case of Japan. *International Migration*, 61, 190-196.

Shikita, K. (2014). Educational strategies of highly educated Chinese women married to Japanese men: A preliminary study on child raising in Japan. *Educational Studies in Japan: International Yearbook*, 8, 93-96.

Takeda, A. (2023). *Intimate mobilities: International marriage and migration: Japanese marriage migrants floating between Japan and Korea*. John Wiley and Sons Ltd.

Yasuko, T., & Stephen, S. (2022). Theorizing people of mixed race in the Pacific and the Atlantic. *Social Sciences*, 11(124), 7-10.

Авторлар туралы мәлімет

Нурелова А.М. – «8D02207-Шығыстану» мамандығының 1-курс докторанты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан, nurelova_assiya1@live.kaznu.kz

Information about authors

Nurelova Assiya – 1st year Phd student of the specialty «8D02207-Oriental Studies», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, nurelova_assiya1@live.kaznu.kz

Келін түсті 28 қараша 2024 жыл
Қабылданды 15 ақпан 2025 жыл